

12. Zatsiorskiy V.M. *Teoriya i metodika fizicheskogo vospitaniya [Theory and methodology of physical education]* (Vol. 1, 2nd ed.). Moscow: FiS, 1976. p.201-208. [in Russian]
13. Matveyev L.P. *Teoriya i metodika fizicheskogo vospitaniya [Theory and methodology of physical education]* Vol.2, 1976. [in Russian]
14. Balsevich V.K., & Lubysheva L.I. *Sportivno oriyentirovannoye fizicheskoye vospitaniye: obrazovatelnyy i sotsialnyy aspekty [Sports-oriented physical education: educational and social aspects]*. *Teoriya i praktika fizicheskoy kultury*, 5, 2003. p.19-22. [in Russian]
15. Alekseyev N.A., Yegorov D.E., & Kutergin N.B. *Metodicheskiye podkhody k kompleksnoy sisteme postroyeniya zanyatiy po fizicheskoy kulture [Methodological approaches to a comprehensive system for constructing physical education classes]*. *Fizicheskoye vospitaniye studentov tvorcheskikh spetsialnostey*, 1, 2005. p.68-73. [in Russian]
16. Ponomarev G.N., Bogdanov O.A., & Tsipin L.L. *Vliyaniye totalnykh razmerov tela i sodержaniya zhira v organizme na pokazateli fizicheskoy podgotovlennosti studentok [Influence of total body size and body fat content on indicators of physical fitness of female students]*. *Teoriya i praktika fizicheskoy kultury*, 10, 2014. p.15-18. [in Russian]
17. Sakun E. *Postroyeniye uchebnogo protsessa po fizicheskoy vospitaniyu studentov v vuze [Building the educational process for physical education of students at a university]*. Litres, 2022. [in Russian]
18. Bolotin A.E., & Selyukin D.B. *Struktura i sodержaniye pedagogicheskoy kontseptsii fizicheskogo vospitaniya studentov na osnove tsennostey zdorovogo obraza zhizni [Structure and content of the pedagogical concept of physical education of students based on the values of a healthy lifestyle]*. *Teoriya i praktika fizicheskoy kultury*, 7, 2015. p.32-34. [in Russian]
19. Babushkin G.D., & Yakovlev B.P. *Psikhologiya fizicheskogo vospitaniya i sporta [Psychology of physical education and sports]*. *Uchebnik dlya bakalavrov*, 2023 [in Russian]
20. Chelnokova E.A., Agayev N.F.O., & Tyumaseva Z.I. *Formirovaniye motivatsii studentov k zanyatiyam fizicheskoy kulturoy i sportom v vysshey shkole [Formation of students' motivation for physical culture and sports in higher education]*. *Vestnik Mininskogo universiteta*, 6(1), 2018. [in Russian]
21. Semenov S.A., Andrushchishin I.F., et al. *Upravleniye razvitiyem sotsialno znachimyykh kachestv u studentov v usloviyakh vuza sredstvami fizicheskoy kultury [Management of the development of socially significant qualities in students in a university setting by means of physical culture]*. *Organizatsionno-metodicheskiye aspekty podgotovki sportsmenov*, 2017. p.136-140. [in Russian]
22. Baltina A.S., & Iskakov T.B. *Modern views on the organization of educational and training process of young judo wrestlers*. *Teoriya i metodika fizicheskoy kultury*, 3, 2019. p.115-122.
23. Sakayev B.A., Tastanov A.Zh., et al. *Sovremennyy tsennostnyy potentsial fizicheskoy kultury i sporta, puti yego osvoyoeniya obshchestvom i lichnostyu [Modern value potential of physical culture and sports, ways of its development by society and personality]*. *Menedzhment i marketing v massovom sporte i turizme*, 2018. p.146-151. [in Russian]
24. Belyakov N.I., Uanbayev E.K., & Rusanov V.P. *Teoretiko-metodicheskiye aspekty sovershenstvovaniya fizicheskogo vospitaniya detey shkolnogo vozrasta [Theoretical and methodological aspects of improving the physical education of school-age children]*. *Teoriya i metodika fizicheskoy kultury*, 3, 2017. p.44-48. [in Russian]

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.87.3.017>

К.Т.Ыбыраимжанов,^{1*} Б.К.Кыстаубаева,¹ А.С.Таурбекова¹
¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ: ЭМПИРИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Бұл зерттеу бастауыш сынып мұғалімдерінің болашақтағы шығармашылық әлеуетін қалыптастыруда зерттеушілік құзыреттіліктерді дамытудың ықпалын зерттеуге бағытталған. Зерттеудің мақсаты – қазіргі кезде қызмет атқарып жүрген мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін анықтап, болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттіліктерді біріктіретін арнайы даярлығының қажеттілігін ғылыми негіздеу. Зерттеудің негізгі идеясы – педагогикалық қызметтегі зерттеушілік құзыреттіліктер мен шығармашылықтың өзара байланысын талдау, бұл дағдылардың қазіргі жай-күйіне баға беру және оларды болашақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында мақсатты түрде дамыту жолдарын айқындау. Зерттеуде сапалық және сандық әдістер қолданылған, атап айтқанда: әдебиеттерге шолу және авторлық «Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылыққа, шығармашылық қызметке бейімділігі мен қызығушылық деңгейін анықтау» сауалнамасын пайдалану арқылы анықтаушы эксперимент жүргізілді. Экспериментке 358 қызметтегі мұғалім қатысты. Негізгі нәтижелер мен тұжырымдар мұғалімдердің басым көпшілігі зерттеушілік құзыреттіліктер мен шығармашылықты дамытудың тікелей байланысын мойындайтынын және олардың қазіргі заманғы білім беру әдістерін қолданудағы рөлін жоғары бағалайтынын көрсетті. Бұл

зерттеудің құндылығы педагогтерді даярлау әдістемесін жетілдіруге, педагогикалық теория мен практиканы шығармашылықты қалыптастырудың заманауи тәсілдерімен байытуға қосқан үлесімен ерекшеленеді. Жұмыстың практикалық маңыздылығы – зерттеушілік құзыреттіліктерді оқу үдерісіне тиімді кіріктіру бойынша ұсыныстар беру арқылы, оқушыларды шығармашылыққа, сондай-ақ жаһандық мәселелерді шешуге шабыттандыра алатын мұғалімдерді кәсіби даярлау мен білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік туғызуында.

Түйін сөздер: зерттеушілік құзыреттілік, шығармашылық қабілет, бастауыш сынып мұғалімдері, диагностика, педагог.

Ыбырайымжанов К.Т.,^{1} Кыстаубаева Б.К.,¹ Таурбекова А.С.¹*

¹Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г.Талдықорган, Казахстан

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ: ЭМПИРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

Данное исследование направлено на изучение влияния развития исследовательских компетенций на формирование творческого потенциала у будущих учителей начальных классов. Целью исследования является выявление текущего уровня развития творческих способностей у практикующих педагогов и обоснование необходимости специализированной подготовки будущих учителей, интегрирующей исследовательские компетенции, для развития их творческих способностей. Основная идея исследования заключается в анализе взаимосвязи между исследовательскими компетенциями и творчеством в педагогической деятельности, оценке текущего состояния этих навыков у практикующих учителей и определении путей для их целенаправленного развития в программах подготовки будущих педагогов. Исследование включает применение как качественных, так и количественных методов, включая обзор литературы и констатирующий эксперимент с использованием авторского опросника «Определение уровня склонности и увлеченности учителей начальных классов к творчеству, творческой деятельности», проведенный среди 358 практикующих учителей. Основные результаты и выводы указывают на то, что подавляющее большинство учителей признают прямую связь между исследовательскими компетенциями и развитием творчества, а также их роль в использовании современных образовательных методов. Ценность данного исследования заключается в его вкладе в развитие методик подготовки педагогов, обогащении педагогической теории и практики современными подходами к формированию креативности. Практическая значимость работы выражается в предоставлении рекомендаций для эффективной интеграции исследовательских компетенций в учебный процесс, что может способствовать улучшению качества образования и профессиональной подготовки учителей, способных вдохновлять учащихся на творчество и решение глобальных проблем.

Ключевые слова: исследовательские компетенции, творческие способности, учителя начальных классов, диагностика, педагог.

Ybyraimzhanov K.,^{1} Kystaubayeva B.,¹ Taurbekova A.¹*

¹Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES IN PRIMARY SCHOOL TEACHERS THROUGH THE FORMATION OF RESEARCH COMPETENCIES: AN EMPIRICAL ANALYSIS

Abstract

This study aims to examine the impact of research skills development on the formation of creative potential in future primary school teachers. The objective of the study is to identify the current level of creative abilities among practicing teachers and to justify the need for specialized training for future teachers that integrates research skills in order to develop their creative abilities. The main idea of the study is to analyze the relationship between research competencies and creativity in pedagogical activity, assess the current state of these skills among practicing teachers, and identify ways for their targeted development in training programs for future teachers. The study involves the use of both qualitative and quantitative methods, including a literature review and a descriptive experiment using the author's questionnaire "Determining the level of inclination and enthusiasm of primary school teachers for creativity and creative activity," conducted among 358 practicing teachers. The main results and conclusions indicate that the vast majority of teachers recognize the direct link between research competencies and the development of creativity, as well as their role in the use of modern educational methods. The value of this study lies in its contribution to the development of teacher training methods and the enrichment of pedagogical theory and practice with modern approaches to the formation of creativity. The practical significance of the work is expressed

in the provision of recommendations for the effective integration of research competencies into the educational process, which can contribute to improving the quality of education and professional training of teachers who are able to inspire students to be creative and solve global problems.

This article was prepared as part of grant research project AP19678345, “Developing the creative abilities of future primary school teachers through research competencies.” The project is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (2023-2025). This publication presents empirical data and key findings obtained during research conducted in 2023-2024.

Keywords: research competencies, creative abilities, primary school teachers, diagnostics, teacher.

Кіріспе. Қазіргі педагогиканың алаңдатарлық мәселелерінің бірі – бастауыш мектептің төртінші сыныбына қарай балалардың туа біткен шығармашылық әлеуетінің төмендеуі. ХХІ ғасыр жағдайында, инновациялар мен бейімделгіштік прогрестің негізгі қозғаушы күштеріне айналған кезде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру аса маңызды міндетке айналып отыр [1, б.24].

Қазіргі білім беру жүйесі жас ұрпақтан жылдам өзгерістерге икемделе алатын, икемді ойлайтын және шығармашылық тұрғыда мәселе шеше алатын тұлғаны талап етеді. Бұл оны жаһандық дәуірге бейімдеудің бір жолы ретінде қарастырылады [2, 3]. Мұндай қасиеттерге ие педагогтар оқушыларға олардың болашақта кездесетін күрделі міндеттерін шешуге қажетті әлеуетін дамытатын инновациялық білім беру тәжірибесін ұсына алады [4, б. 12]. Бұдан бөлек, шығармашылық – ойлау мен өндіріске негізделген синтез ретінде – жаһандық сын-қатерлерді еңсеру мен ғылымды дамытуда қажетті дағды болып табылады [5, б. 21]. Осылайша, шығармашылық ойлауды дамыту – болашақ мұғалімдерді білім беру үдерісінде бейімделуге және тапқырлық танытуға дайындауда шешуші рөл атқарады [6, б. 9].

Бастауыш мектепте байқалып отырған креативтілік деңгейінің төмендеуіне қарсы тұру үшін мұғалімдер тек шығармашылық ұғымын түсініп қана қоймай, оны өз педагогикалық тәжірибесіне белсенді түрде енгізе білуі қажет. Бұл тұста зерттеушілік құзыреттері негізгі рөлге ие. Зерттеу әдістерін меңгерген педагогтар қолданыстағы тәжірибелерге сыни баға беріп, жақсартуды қажет ететін тұстарды анықтап, оқушылардың қызығушылығын арттыратын инновациялық шешімдер әзірлей алады [1, б. 31].

Өз бетінше зерттеу жүргізіп, алынған мәліметтерді талдау қабілеті мұғалімге тек пәндік салада ғана емес, сонымен қатар оқушылардың бойында шығармашылық пен сыни ойлауды дамытуда да көшбасшы болуға мүмкіндік береді [7, б. 16]. Олар балалар еркін сынақ жасап, іздене алатын, қателесуден қорықпайтын ынталандырушы орта қалыптастыруды үйренеді [8, б. 27].

Осылайша, зерттеу құзыреттерін бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бағдарламаларына енгізу — тек қана орынды шара емес, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін өмірлік маңызы бар стратегиялық бағыт болып табылады. Мұндай қадам болашақ педагогтарға оқытудың әртүрлі идеяларын тиімді әзірлеуге [9, б. 44], оқыту әдістерін оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге [10, б. 13] мүмкіндік береді және сайып келгенде, оларды жаһандық мәселелерді шешуге шабыттандырып, тұрақты болашаққа үлес қоса алатын өзгерістердің катализаторына айналдырады.

Бұған дейінгі зерттеулер көбіне шығармашылықтың маңыздылығын атап өтіп немесе оны дамытуға арналған жалпы тәсілдерді ұсынумен шектелсе, біздің зерттеу осы шеңберден шығып, маңызды мәселені шешуге арналған тың шешімді ұсынады. Ол педагогикалық білім беру теориясы мен тәжірибесін дамытуға түпнұсқалық және практикалық маңызы зор үлес қосуға мүмкіндік беретін бірқатар негізгі аспектілер бойынша бұрынғы зерттеулерден ерекшеленеді.

Біріншіден, басты айырмашылық – шығармашылық қабілеттерді дамытудың нақты тетігіне баса назар аударуында: бұл жұмыс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін олардың зерттеу құзыреттерін дамыту арқылы қалыптастыруға ерекше мән береді. Біз ғылыми ізденіс пен талдау әдістерін жүйелі түрде меңгеру шығармашылық ойлауды тікелей ынталандырады деген гипотезаны негізге аламыз, себебі бұл үдеріс мәселелерді шешуде стандарттан тыс тәсілдерді қолдануды және ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауды талап етеді. Бұл тәсіл шығармашылықты дамытудың тек дидактикалық әдістеріне немесе шығармашылық-

тың жалпы психологиялық аспектілеріне ғана негізделген зерттеулерден біздің жұмысымыздың ерекшелігін көрсетеді.

Екіншіден, біз диагностика жүргізуге арналған түпнұсқалық құралдар жиынтығын ұсынамыз. Біздің авторлық сауалнама – «*Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылыққа және шығармашылық қызметке бейімділігі мен қызығушылық деңгейін анықтау*» – мұғалімдердің өзін-өзі бағалауына қатысты нақты деректер алуға мүмкіндік береді. Бұл құрал стандартталған креативтілік тестілерінен айырмашылығы – педагогикалық қызметтің нақты қырларын және оқытудағы шығармашылық процеске тұлғалық қатысушылықты ескере отырып әзірленген. Соның нәтижесінде ол кәсіби даярлық контекстінде анағұрлым мазмұнды және өзекті бағалау мүмкіндігін ұсынады.

Соңында, анықтаушы эксперимент нәтижелері бастауыш сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдердің елеулі бөлігінде шығармашылық қызметке дербес дайындық деңгейінің төмен екенін көрсетті. Бұл жайт бізге олардың кәсіби даярлығына қатысты қолданыстағы тәсілдерді қайта қарау қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік береді. Бұл тек жай ғана фактілерді сипаттау емес, бұл – бар кемшіліктерді нақты көрсететін эмпирикалық дәлел. Аталған жағдай зерттеу құзыреттерін оқу бағдарламаларына мақсатты түрде енгізуге бағытталған нақты ұсыныстарды әзірлеуге негіз болады. Біз шығармашылықты дамытуға шақыратын жалпы үндеулерден гөрі, оны жүйелі, ғылыми негізделген тәсіл арқылы қалыптастыру жолын ұсынамыз, бұл біздің жұмысымызға теориялық қана емес, сонымен қатар елеулі практикалық құндылық береді.

Негізгі ережелер. Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерінің қазіргі даму деңгейін анықтауға бағытталған анықтаушы эксперимент нәтижелерін ұсыну, сондай-ақ алынған деректер негізінде болашақ мұғалімдерді шығармашылық қызметке арнайы даярлау қажеттілігін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі ғылыми сұрақтар қойылды: анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерінің даму деңгейі қандай? Анықталған шығармашылық қабілеттер мен бейімділік деңгейінің нақты қандай қырлары болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шығармашылық қызметке арнайы даярлаудың аса қажетті екенін көрсетеді?

Осы мақалада қарастырылатын негізгі тұжырымдар бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде ғылыми негізделген тәсілдер мен икемді білім беру бағдарламаларын педагогикалық үдеріске интеграциялау жағдайында зерттеу құзыреттерін дамытудың түрлі аспектілеріне әсерін зерделеуді қамтиды. Зерттеу дағдыларын қалыптастыру педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыруға, білім беру үдерісіне қатысушылардың зияткерлік қызметінің сапасын көтеруге, сондай-ақ заманауи білім беру әдістерін неғұрлым тиімді пайдалануға ықпал ете алатыны көрсетіледі.

Басты педагогикалық идея – болашақ мамандарды сыни ойлау, стандарттан тыс көзқарас және шығармашылық жолмен мәселе шешу қабілеттерімен қаруландыру, бұл өз кезегінде оларға қазіргі мектептегі интерактивті және бейімделгіш педагогикалық үдерісті тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Зерттеу құзыреттерін дамытудың ғылыми-әдістемелік және практикалық маңыздылығымен қатар, педагогтердің шығармашылықты дамытуға арналған заманауи жүйелер туралы жеткіліксіз хабардарлығы және кадр даярлау жүйесінің тиімділігіне қатысты екіұшты бағалаулар секілді бірқатар мәселелер де атап өтіледі.

Болашақ зерттеулердің перспективалары зерттеу құзыреттерін мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына интеграциялау нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының креативтілігін орнықты дамытуға әсер ететін ұзақ мерзімді нәтижелерді зерделеумен тығыз байланысты.

Материалдар мен әдістер. Осы зерттеу барысында сандық та, сапалық та талдау әдістері қолданылды. Бастапқы кезеңде Web of Science, Scopus, Google Scholar және ResearchGate сияқты жетекші ғылыми дерекқорлар негізінде ғылыми әдебиеттерге мұқият шолу жүргізілді.

XXI ғасыр білім беруінің контекстінде шығармашылық қабілеттердің шешуші рөлі кеңінен мойындалғанына қарамастан, бастауыш мектептегі оқушылардың сынып өскен сайын креативтік әлеуетінің төмендеу үрдісі алаңдатарлық сипат алып отыр [1, б.35]. Бұл жағдай

болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау тәсілдерін қайта қарастыру қажеттілігін алдыңғы орынға шығарады. Олар тек білім берумен ғана шектелмей, сонымен қатар оқушылардың инновациялық ойлауын, сыни ойлауын және мәселені шешу дағдыларын дамытуға белсенді атсалысуы тиіс.

Зерттеудің негізгі тұжырымдамасы мұғалімдерді кәсіби даярлаудың іргелі элементтері ретінде шығармашылық қабілеттер мен зерттеу құзыреттерінің синергиясына бағытталған. Шығармашылық қабілеттер – бұл жаңа әрі құнды идеяларды, тәсілдер мен шешімдерді ойлап табу қабілеті ретінде анықталады [11, б.38]. Бастауыш сынып мұғалімі үшін бұл қызықты сабақтарды әзірлеу, әдістемелерді бейімдеу және оқушылардың шығармашылығын ынталандыру арқылы көрініс табады [12].

Алайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңыздылығы айқын болғанымен, бұл үдеріс бірқатар қиындықтар мен шектеулерге тап болады. Мұндай бастамалардың тиімділігі қолданыстағы білім беру инфрақұрылымының жай-күйі, ресурстардың қолжетімділігі және педагогтердің инновациялық әдістерді енгізуге дайындығы сияқты факторларға байланысты төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, шығармашылықты дамыту мен стандартты білім беру талаптарына сәйкестіктің арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігі мұғалімдерді даярлау бағдарламалары үшін айрықша мәселе туындатады. Соған қарамастан, педагогикалық білім беруге креативтілікті енгізу – бастауыш мектеп оқушыларын тиімді тартуға және шабыттандыруға қабілетті педагогтерді даярлаудың өмірлік маңызды компоненті болып қала береді.

Осы контексте зерттеу құзыреттері ерекше мәнге ие. Олар жүйелі талдау жүргізу, деректер жинау және дәлелге негізделген практикаларды қолдану дағдыларын қамтиды [13], бұл мұғалімдерге қолданыстағы білім беру тәсілдерін сыни тұрғыдан бағалауға және инновациялық шешімдерді енгізуге мүмкіндік береді [14, б.14]. Болашақ мұғалімдердің зерттеу құзыреттерін дамыту олардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың ажырамас бөлігіне айналады.

Қазіргі білім беру жүйесі жас ұрпақтан серпінді, бейімделгіш ойлау қабілетін және шығармашылық тұрғыда мәселе шешуді талап етеді [2, б.29, 3]. Мұндай қасиеттерге ие педагогтер оқушыларға инновациялық білім беру тәжірибесін ұсына алады [4]. Бұдан бөлек, шығармашылық – бұл ойлау мен өндірудің дағдысы ретінде [1] жаһандық сын-қатерлерді еңсеру үшін қажетті [5, б.18] және болашақ мұғалімдердің бейімделгіштігін қамтамасыз ету үшін аса маңызды қабілет [6, б.22].

Қазіргі таңда шығармашылықты дамытуға бағытталған тәсілдерге дизайн-ойлау бойынша семинарлар [15, б.54], сыныптағы практикалық зерттеу жобалары, бірлескен зерттеу бастамалары, инновациялар инкубаторларының бағдарламалары, сондай-ақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларындағы шығармашылық пен инновацияға арналған курстар жатады. Сонымен қатар, тәлімгерлік бағдарламалар мен ынтымақтастықты ынталандырып, цифрлық өнімдер жасауға бағытталған цифрлық технологияларды қолдану да маңызды рөл атқарады [16, 17]. Бұл стратегиялар мұғалімдерге инновациялық тәсілдерді сынап көруге және енгізуге мүмкіндік беретін ынталандырушы орта құруға бағытталған [7, б.55].

Алайда көптеген ұсыныстарға қарамастан, қазіргі мұғалімдерді даярлау бағдарламаларының шығармашылықты зерттеу құзыреттері арқылы дамытуға практикалық дайындығы мен сенімділігін қаншалықты тиімді қалыптастыратыны әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген мәселе болып қалып отыр. Атап айтқанда, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби практикасы барысында шығармашылық қызметке бейімділігі мен қызығушылығының шынайы деңгейін дәлелдейтін өзекті эмпирикалық деректердің жетіспеушілігі байқалады. Аталған зерттеу осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етіп, бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін талдау арқылы, болашақ педагогтерді арнайы даярлау қажеттігін негіздеуге ұмтылады. Бұл даярлау барысында зерттеу құзыреттері шығармашылықты дамытудың негізгі қозғаушы күші ретінде интеграциялануы тиіс. Мұғалімдер тек шығармашылық ұғымын түсініп қана қоймай, оны өздерінің педагогикалық тәжірибесіне белсенді енгізіп,

оқушылар өздерін қауіпсіз сезінетін, еркін түрде эксперимент жасап, зерттеу жүргізе алатын, сәтсіздіктен қорықпайтын ынталандырушы орта қалыптастыруы қажет екендігі ерекше атап өтіледі [8, б. 16].

Осы зерттеу – бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттері мен бейімділігінің қазіргі даму деңгейін анықтауға бағытталған анықтаушы эксперимент болып табылады. Алынған деректер болашақ педагогтерді шығармашылық қызметке арнайы даярлау қажеттілігін негіздеудің әдіснамалық базасы ретінде қарастырылады.

Зерттеуге барлығы 158 бастауыш сынып мұғалімі қатысты. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің еңбек өтілі 1 жылдан 40 жылға дейінгі аралықты қамтыды, бұл кәсіби тәжірибенің шығармашылық қабілеттердің дамуына әсерін ескеруге мүмкіндік берді.

Эмпирикалық деректерді жинау және бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттері мен бейімділігінің деңгейін анықтау үшін авторлық сауалнама «Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылыққа, шығармашылық қызметке бейімділігі мен қызығушылығы деңгейін анықтау» қолданылды. Бұл құрал педагогикалық кәсіби қызмет контексінде осы аспектілерді бағалау үшін арнайы әзірленген, сондықтан зерттеу мақсаттарына сәйкес келетін жоғары релеванттылықпен ерекшеленеді.

Анықтаушы эксперимент барысында сауалнама негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттері мен бейімділігінің қазіргі жай-күйі, сондай-ақ олардың шығармашылық қызметке дайындығымен өзара байланысы анықталды.

Нәтижелер мен талқылау. Өткізілген зерттеудің мақсаты – бастауыш сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдердің шығармашылық қабілеттері мен бейімділігінің қазіргі даму деңгейін анықтау, сондай-ақ алынған деректер негізінде болашақ мұғалімдерді шығармашылық қызметке арнайы даярлау қажеттілігін негіздеу болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімдері арасында жүргізілген анықтаушы эксперимент олардың шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық педагогикалық қызметке бейімділігінің қазіргі даму деңгейі туралы объективті мәліметтер алуға мүмкіндік берді.

Зерттеу аясында мұғалімдердің шығармашылық саласындағы қызығушылығы, уәждемесі мен белсенділігін сипаттайтын сандық көрсеткіштер талданды. Бұл көрсеткіштер жалпы үрдістерді анықтауға, сондай-ақ болашақ мамандарды кәсіби даярлау кезеңінде педагогикалық араласуды талап ететін кемшіліктерді айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеуге барлығы 158 мұғалім қатысты.

1-кестеде келтірілген мәліметтер зерттеуге қатысқан бастауыш сынып мұғалімдері ($N = 158$) туралы жалпы түсінік береді. Ұсынылған параметрлерге респонденттердің жасы, жынысы, оқыту тілі және кәсіби жұмыс өтілі кіреді. Бұл демографиялық деректерді талдау әлеуметтік факторлардың шығармашылық қабілеттерді дамытуға және білім беру процесіне зерттеу құзыреттерін енгізуге деген қабылдауы мен дайындығына әсерін тереңірек түсінуге жағдай жасайды.

Атап айтқанда, жасы мен еңбек өтілі бойынша бөліну әртүрлі буын мұғалімдерінің көзқарастарын бағалауға мүмкіндік береді, ал жынысы мен оқыту тілі бойынша мәліметтер мәдени немесе әдістемелік ерекшеліктерді айқындауға септігін тигізуі мүмкін.

Зерттеудің келесі кезеңдерінде мұғалімдердің шығармашылық қабілеттері мен бейімділігінің қазіргі даму деңгейін бағалау нәтижелері, олардың заманауи ғылыми-әдістемелік жүйелер туралы хабардарлығы, зерттеу құзыреттерін енгізу тәжірибесі және осындай дамуды басымдық ретінде қабылдауы қарастырылады.

Алынған деректерді талқылау бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін зерттеу құзыреттерін дамыту арқылы қалыптастыруға байланысты негізгі үрдістерді, мәселелер мен келешектерді айқындауға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстандағы білім беру жүйесінде маңызды орын алатын мәселе болып табылады.

Кесте- 1. Сауалнама нәтижелері

Санаты	Бастауыш сынып мұғалімдері (N =158)	
Жасы	35 жастан кіші	75
	35-50	55
	50 жастан үлкен	28
Жынысы	еркек	14
	әйел	144
Оқыту тілі	қазақ	95
	орыс	63
Жұмыс тәжірибесі	1 жылдан аз	25
	1-3 жыл	35
	5-10 жыл	28
	10-20 жыл	37
	20 жылдан астам	33

1-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, зерттеуге қатысқан бастауыш сынып мұғалімдері арасында (N = 158) бірінші кезекте назар аударуға тұрарлық маңызды аспект – бұл жас ерекшелігіне байланысты таралу көрсеткіші. Ең үлкен үлесті 35 жасқа дейінгі педагогтер құрайды (75 адам), бұл бастауыш білім беру саласында жас буын өкілдерінің айтарлықтай үлесін көрсетеді. Одан кейінгі орында 35 пен 50 жас аралығындағы мұғалімдер тобы (55 адам), ал ең аз үлесті 50 жастан асқан мұғалімдер құрайды (28 адам). Мұндай жас құрылымы бастауыш мектептегі кадр құрамының үнемі жаңарып, динамикалық сипатқа ие екенін көрсетеді.

Гендерлік талдау нәтижелері де айқын көрініс береді: 158 респонденттің 144-і – әйелдер, ал тек 14-і – ер адамдар. Бұл бастауыш білім беру саласына тән гендерлік теңгерімсіздіктің айқын дәлелі болып табылады.

Оқыту тіліне келер болсақ, көпшілік мұғалімдер сабақтарды қазақ тілінде жүргізеді (95 адам), ал орыс тілінде сабақ беретін мұғалімдер саны – 63. Бұл көрсеткіш өңірдегі білім беру процесінің тілдік ерекшеліктерін және еліміздің білім беру жүйесінің қос тілділігін айғақтайды.

Соңында, кәсіби еңбек өтілі бойынша бөліну мұғалімдердің ең үлкен топтарын 1–3 жыл (35 адам) және 10–20 жыл (37 адам) аралығындағы еңбек өтіліне ие педагогтер құрайтынын көрсетеді. Одан кейінгі орында – 20 жылдан астам жұмыс өтілі бар мұғалімдер (33 адам) және еңбек жолын жаңадан бастағандар – 1 жылға дейінгі өтілі бар мұғалімдер (25 адам). Ең аз санат – 5–10 жыл аралығындағы жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдер (28 адам). Бұл көрсеткіш мұғалімдердің даму перспективаларын түсінуде ерекше маңызды, себебі ол педагогтердің әртүрлі санаттарының жаңашылдықтарды енгізуге дайындығын және шығармашылық пен зерттеу құзыреттерін дамыту сияқты жаңа тәсілдерді қабылдау деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Аталған деректерді талдау демографиялық және кәсіби факторлардың жаңа білім беру стратегияларын қабылдау мен енгізуге ықпалын тереңірек түсінуге жол ашады.

Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің басым көпшілігі зерттеушілік құзыреттер мен шығармашылық арасындағы тікелей байланысты мойындайтынын көрсетеді. «Болашақ мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттерін жетілдіру олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді деп ойлайсыз ба?» деген 1-сұраққа респонденттердің 96,5%-ы «Иә» деп жауап берген, ал тек 3,5%-ы «Жауап беруге қиналамын» деп көрсеткен. Сол сияқты, 4-сұрақ бойынша респонденттердің 96,5%-ы болашақ педагогтердің әртүрлі құзыреттерін жетілдіру олардың шығармашылық әлеуетіне оң әсер етеді деп есептейді, бұл ретте тек 0,5%-ы жауап беруге қиналған.

Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттерін дамыту заманауи білім беру әдістерін тиімді пайдалануға көмектесетіні туралы 8-сұраққа жауаптар да дерлік бірауызды болды: 96,6%-ы «Иә» деп жауап берсе, тек 3,4%-ы «Жауап беруге қиналамын» деп көрсетті. Сонымен қатар, 5-сұраққа сәйкес, респонденттердің 93,1%-ы бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту білім берудегі жекелеген тәсіл тұрғысынан маңызды деп есептейді.

Бұл мәліметтер зерттеушілік құзыреттердің шығармашылықты дамытудағы катализатор ретіндегі және педагогикадағы инновацияларды тиімді қолданудағы іргелі рөлін мұғалімдердің кеңінен мойындайтынын және терең түсінетінін дәлелдейді.

Ал шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін заманауи ғылыми-әдістемелік жүйелер туралы хабардарлық деңгейін анықтауға бағытталған 2-сұрақтың нәтижелері анағұрлым әркелкі. Респонденттердің көпшілігі – 60,3%-ы – бұл жүйелер туралы хабардар екенін айтса, 25,9%-ы «Жауап беруге қиналамын» деп жауап берген, ал 13,8%-ы мұндай жүйелер туралы білмейтінін көрсеткен («Жоқ»). Бұл нәтиже педагогтердің бұл саладағы ақпараттану деңгейінің жеткіліксіздігін және әдістемелік қолдауды, сондай-ақ біліктілікті арттыру қажеттілігін айғақтайды.

Практикалық қолдану контекстінде жүргізілген зерттеу бастауыш сыныптағы білім беру процесіне зерттеушілік құзыреттерді енгізу бойынша елеулі тәжірибе бар екенін көрсетеді (6-сұрақ). Мұғалімдердің 69%-ы мұндай тәжірибесі бар екенін растаған («Иә»), бұл осы тәсілдердің белсенді түрде интеграцияланып жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, 17,2%-ы мұндай тәжірибесі жоқ екенін («Жоқ»), ал 13,8%-ы «Жауап беруге қиналамын» деп көрсеткен, бұл үздік тәжірибелерді тарату және оқыту қажеттілігін айқындайды.

Осыны растай отырып, мұғалімдердің 75,9%-ы зерттеушілік құзыреттері дамыған педагогтер шығармашылықпен айналысатынын атап өтеді (7-сұрақ). Бұл ретте 17,2%-ы жауап беруге қиналса, 6,9%-ы бұл пікірмен келіспейді.

Қызығы, зерттеушілік құзыреттердің маңыздылығы мойындалып, белгілі бір тәжірибе болғанына қарамастан, Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетті педагог кадрларды қалыптастырудағы табыстылығына берілген баға (3-сұрақ) бірімәнді емес. Респонденттердің 53,4%-ы жүйе бұл міндетті сәтті орындап жатыр деп санайды («Иә»), бірақ айтарлықтай бөлігі – 22,5%-ы – «Жоқ» деп жауап берген, ал 24,1%-ы «Жауап беруге қиналамын» деген. Бұл кадр даярлау бағдарламаларын жетілдіру қажеттілігін және бар проблемаларды көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері зерттеушілік құзыреттерді дамыту педагогикалық жүйені жетілдірудегі басым міндеттердің бірі ретінде кеңінен мойындалатынын айғақтайды (9-сұрақ): мұғалімдердің 91,2%-ы «Иә» деп жауап берсе, тек 0,8%-ы ғана «Жауап беруге қиналамын» деген. Бұл білім беру қауымдастығының инновациялық тәсілдерді енгізуге дайын әрі ұмтылысын көрсетеді. Алайда, бұл құзыреттерді оқыту процесіне тереңірек ендіру мен педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту үшін одан әрі қолдау мен мақсатты дайындық қажет.

Кесте-2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы зерттеушілік құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтауға байланысты жауаптардың статистикалық шолуы

р/с	Сұрақтар мазмұны	Иә		Жоқ		Жауап беруге қиналамын	
		п	%	п	%	п	%
1	Болашақ мұғалімдердің зерттеу құзыреттілігін жетілдіру олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді деп ойлайсыз ба?	152	96,5		-	6	3,5
2	Сіз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін заманауи ғылыми-әдістемелік жүйелер туралы білесіз бе?	95	60,3	22	13,8	41	25,9
3	Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды қалыптастыру міндетін сәтті орындап жатыр деп ойлайсыз ба?	84	53,4	36	22,5	38	24,1
4	Болашақ мұғалімдердің әртүрлі құзыреттіліктерін жетілдіру олардың шығармашылығына оң әсер етеді деп ойлайсыз ба?	157	96,5		-	1	0,5

5	Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылығын дамыту білім берудегі жеке көзқарас тұрғысынан маңызды деп ойлайсыз ба?	147	93,1		-	11	6,9
6	Бастауыш сыныптардың білім беру процесіне зерттеу құзыреттіліктерін енгізу тәжірибесі бар ма?	109	69	27	17,2	22	13,8
7	Сіздің тәжірибеңізге сүйене отырып, дамыған зерттеу құзыреттілігі бар мұғалімдер шығармашылықпен айналысады деп ойлайсыз ба?	120	75,9	11	6,9	27	17,2
8	Мұғалімдердің зерттеу құзыреттілігін жетілдіру оларға заманауи білім беру әдістерін жақсырақ қолдануға көмектеседі деп ойлайсыз ба?	152	96,6		-	6	3,4
9	Болашақ мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту педагогикалық жүйені жетілдіруде басым міндет болуы керек деп ойлайсыз ба?	144	91,2		-	14	0,8

2-кестеде ұсынылған талдау нәтижелері педагогтер арасында зерттеушілік құзыреттер мен шығармашылық арасындағы өзара байланыстың жоғары деңгейде мойындалатынын көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі (96,5%) болашақ мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттерін жетілдіру олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді деп есептейді (1-сұрақ), ал 3,5% бұл сұраққа жауап беруге қиналады. Сондай-ақ, 96,5% мұғалімдер әртүрлі құзыреттерді жетілдіру шығармашылыққа оң әсер етеді деп санайды (4-сұрақ), ал 96,6% зерттеушілік құзыреттер қазіргі заманғы білім беру әдістерін тиімді қолдануға көмектесетініне сенімді (8-сұрақ). Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдерінің 93,1%-ы шығармашылықты дамытуды білім берудегі дараландырылған тәсіл тұрғысынан маңызды деп бағалайды (5-сұрақ). Бұл деректер зерттеушілік құзыреттердің педагогикалық тәжірибедегі шығармашылық пен инновацияның қозғаушы күші ретіндегі іргелі рөлін мұғалімдердің кеңінен мойындап, терең түсінетінін айғақтайды.

Шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін қазіргі ғылыми-әдістемелік жүйелер туралы хабардар болу деңгейіне (2-сұрақ) қатысты нәтижелер біркелкі емес. Респонденттердің көпшілігі (60,3%) мұндай жүйелермен таныс екенін айтса, мұғалімдердің елеулі бөлігі (25,9%) бұл сұраққа нақты жауап бере алмайды, ал 13,8% мұндай жүйелер жайлы білмейтінін білдірген. Бұл қазіргі тәсілдер туралы білімнің жеткіліксіз таралуын көрсетіп, әдістемелік қолдауды күшейту және біліктілікті арттыру қажеттігін алға тартады.

Сауалнама зерттеушілік құзыреттерді бастауыш білім беру үдерісіне енгізу бойынша практикалық тәжірибенің бар екенін де айғақтайды (6-сұрақ). Респонденттердің 69%-ы мұндай тәжірибесі бар екенін растаған, бұл зерттеушілік тәсілдердің нақты педагогикалық практикада белсенді түрде қолданылатынын көрсетеді. Бұдан әрі алынған нәтижелер мұғалімдердің 75,9%-ы зерттеушілік құзыреттері дамыған педагогтер шығармашылықпен айналысатынын нақты тәжірибеге сүйене отырып растайтынын (7-сұрақ) дәлелдейді. Бұл көрсеткіш осы екі құбылыстың арасындағы өзара байланыстың практикалық тұрғыда да бар екенін білдіреді.

Зерттеушілік құзыреттердің маңыздылығы жоғары деңгейде мойындалғанына қарамастан, Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау тиімділігіне баға беру (3-сұрақ) біркелкі емес. Респонденттердің 53,4%-ы бұл жүйені оң бағаласа («Иә»), 22,5%-ы теріс пікір білдірген («Жоқ»), ал 24,1%-ы жауап беруге қиналған. Бұл көрсеткіш инновациялар мен құзыреттер мойындалғанымен, оларды жүйелі түрде енгізу мен бүкіл білім беру жүйесі деңгейінде бағалау барысында әлі де шешілмеген мәселелер бар екенін меңзейді.

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері педагогикалық жүйені жетілдіруде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттерін дамыту — басым бағыт екенін көрсетеді: 91,2% мұғалім бұл мәселеге жоғары маңыз береді (9-сұрақ). Алайда, бұл құзыреттерді оқыту үдерісіне тереңірек және жан-жақты енгізу, педагогтардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін білім беру қауымдастығына қосымша қолдау мен даярлық қажет.

Қорытынды. Бұл зерттеу ХХІ ғасырдың сын-тегеуріндері аясында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың аса маңызды екенін айқындайды. Әдебиеттерге шолу барысында оқу үдерісінде балалардың креативтік әлеуетінің төмендеуі үрдісі байқалады, бұл мұғалімдерді даярлаудағы тәсілдерді қайта қарау қажеттігін көрсетеді. Креативтілік — бірегей идеялар тудыру мен педагогикалық үдерісті оңтайландыру қабілеті ретінде — мұғалімнің кәсіби қызметімен тығыз байланысты және білім беру ортасы мен инновациялық технологияларды қоса алғанда, ішкі және сыртқы факторлар кешенімен айқындалады.

Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін іске асырудағы негізгі құралдардың бірі — зерттеушілік құзыреттер болып табылады. Бұл құзыреттер педагогтерге бар әдістемелерді сыни тұрғыда талдауға, дәлелді тәжірибелерді енгізуге және білім беру саласындағы инновацияларға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Оларды қалыптастыру — бұл бірізді үдеріс, оған ақпаратты іздеу мен талдау дағдыларын дамыту, зерттеу жұмысына белсенді қатысу, көркем-педагогикалық білімдерді біріктіру, ақпараттық сауаттылық, сондай-ақ зияткерлік және шығармашылық құзыреттілікті арттыру кіреді. Бұл үдерістің тиімділігі мотивациялық орта құру, заманауи технологияларды пайдалану және болжамдық дағдыларды дамыту арқылы қамтамасыз етіледі.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысуымен жүргізілген анықтаушы эксперимент нәтижесінде алынған эмпирикалық деректер теориялық тұжырымдарды толықтай растайды. Зерттеу қатысушыларының демографиялық сипаттамаларын (N=158) талдау олардың құрамының серпінді екенін және жас әйел мұғалімдердің басым екенін көрсетті, бұл олардың жаңашылдыққа дайындығын түсіну тұрғысынан маңызды.

Сауалнама нәтижелері (2-кесте) педагогтердің зерттеушілік құзыреттер мен шығармашылықты дамыту арасындағы тікелей байланысты терең түсінетінін айқын көрсетеді: респонденттердің 96,5%-ы бұл тұжырыммен келіседі. Сонымен қатар, мұғалімдердің көпшілігі зерттеушілік дағдылардың заманауи оқыту әдістерін тиімді қолдануға ықпал ететінін (96,6%) және шығармашылықты дамыту тұлғалық-бағдарлы көзқарас үшін маңызды екенін (93,1%) мойындайды. Бұған қоса, мұғалімдердің елеулі бөлігі (69%) зерттеушілік құзыреттерді тәжірибеде қолдану тәжірибесіне ие екенін атап өткен, бұл олардың нақты педагогикалық практикаға белсенді түрде енгізіліп жатқанын көрсетеді.

Алайда, зерттеу нәтижелері одан әрі жетілдіруді қажет ететін маңызды бағыттарды да анықтады. Атап айтқанда, шығармашылықты дамытуға ықпал ететін заманауи ғылыми-әдістемелік жүйелер туралы хабардар болу жеткіліксіз деңгейде екені байқалады: мұғалімдердің тек 60,3%-ы мұндай жүйелерді білетінін айтқан, ал 25,9%-ы жауап беруге қиналса, 13,8%-ы мүлдем хабарсыз екендерін білдірген. Бұл әдістемелік қолдауды күшейту және біліктілікті арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлау тиімділігіне берілген баға да әртүрлі болып шықты: респонденттердің 53,4%-ы жүйенің бұл міндетті сәтті атқарып жатқанын айтса, 22,5%-ы теріс жауап берген, ал 24,1%-ы нақты пікір білдіре алмаған. Бұл білім беру жүйесінде инновацияларды жүйелі түрде енгізу мен бағалау үдерістерінде әлі де шешуді қажет ететін мәселелер бар екенін аңғартады.

Нәтижесінде, бұл зерттеу зерттеушілік құзыреттерді дамыту бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде олардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға бағытталған тек қалаулы ғана емес, басымдық берілетін негізгі бағыт екенін дәлелдейді. Инновациялық тәсілдердің маңыздылығы жалпы мойындалғанына және көптеген педагогтардың практикалық тәжірибесі болғанына қарамастан, анықталған ақпараттану деңгейіндегі олқылықтар мен білім беру жүйесінің тиімділігіне қатысты еқұшты бағалар осы салада жан-жақты қолдаудың және кәсіби дамуды күшейтудің қажеттілігін көрсетеді.

Жоғары нәтиже мен тиімділікті қамтамасыз ету үшін бұл құзыреттерді оқу бағдарламаларына кешенді түрде енгізу қажет. Бұл болашақ мұғалімдерді тек шығармашылықтың мәнін түсінетін ғана емес, сонымен қатар оны тәжірибеде белсенді түрде қолданатын, оқушыларға қауіпсіз эксперимент жасауға, зерттеуге және креативті әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін ынталан-

дырушы орта қалыптастыратын мамандар ретінде даярлауға мүмкіндік береді. Мұндай орта – табысты болашаққа қажетті дағдыларды дамыту үшін маңызды алғышарт болып табылады.

Бұл мақала AP19678345 «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін зерттеушілік құзыреттер арқылы дамыту» гранттық ғылыми-зерттеу жобасы аясында дайындалған. Жоба Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылады (2023–2025 жж.). Осы жарияланым аясында 2023–2024 жылдары жүргізілген зерттеу жұмысы барысында алынған эмпирикалық деректер мен негізгі тұжырымдар ұсынылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Kulakhmetova A., McLaughlin C., Ayubayeva N. *Preparing Teachers: an international review of the evidence on initial teacher education* // 2014.

2. Hobri H. u др. *The students' creative thinking ability in accomplishing collaborative learning-based open-ended questions* // *IOP Conference Series: Earth and Environmental Science*. – 2019. – Vol. 243. – P. 012145. – DOI: <https://doi.org/10.1088/1755-1315/243/1/012145>

3. Fazylova S., Irina R. *Development of Creativity in Schoolchildren through Art* // *Czech-Polish Historical and Pedagogical Journal*. – 2016. – Vol. 8, №2. – DOI: <https://doi.org/10.5817/cphj-2016-0023>

4. Wijayanti P. u др. *How do mathematics teachers design tasks to assess students' creative thinking ability?* // *Jurnal Riset Pendidikan Matematika*. – 2022. – Vol. 9, №2. – P. 137. – DOI: <https://doi.org/10.21831/jrpm.v9i2.55122>

5. Smith G. u др. *Creative Thinking Ability of Elementary School Students Based on Learning Models* // *KnE Social Sciences*. – 2023. – DOI: <https://doi.org/10.18502/kss.v8i10.13446>

6. Aytekin A., Topçu M.S. *Improving 6th Grade Students' Creative Problem Solving Skills Through Plugged and Unplugged Computational Thinking Approaches* // *Journal of Science Education and Technology*. – 2024. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s10956-024-10130-y>

7. Er Z. *Examination the Opinions of Pre-Service Teachers on the Concept of Creativity* // *International Journal on Social and Education Sciences*. – 2023. – Vol. 5, №3. – P. 746. – DOI: <https://doi.org/10.46328/ijoneses.620>

8. Michalopoulou A. *Inquiry-Based Learning through the Creative Thinking and Expression in Early Years Education* // *Creative Education*. – 2014. – Vol. 5, №6. – P. 377. – DOI: <https://doi.org/10.4236/ce.2014.56047>

9. Irawati E., Ismaniaty C. *GI Assisted Go: An Innovative Learning Model to Improve Students Creative Thinking Ability* // *KnE Social Sciences*. – 2019. – Vol. 3, №10. – P. 113. – DOI: <https://doi.org/10.18502/kss.v3i10.3893>

10. Yildirim Y., Yilmaz Y. *Promoting creativity in early childhood education* // *PLoS ONE*. – 2023. – Vol. 18, №12. – DOI: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0294915>

11. Wade-Leeuwen B. *Global creativity: intercultural “hands-on” workshops for pre-service primary art teachers* // 2013. – URL: <https://researchers.mq.edu.au/en/publications/global-creativity-intercultural-hands-on-workshops-for-pre-servic>

12. KAYA A. *The association between transformational leadership and teachers' creativity: professional resilience and job satisfaction as mediators* // *Frontiers in Psychology*. – 2024. – Vol. 15. – DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1514621>

13. Amirova A., Muhamedinova K. A., Erkebaeva S.Zh., Makshieva G. *Preparing Teachers in Pre-School Education in the Republic of Kazakhstan* // *Procedia - Social and Behavioral Sciences*. – 2015. – Vol. 185. – P. 267. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.03.464>

14. Morales-Caruncho X., Chacón-Gordillo P. *Pre-service teachers and visual arts education* // *Journal for the Study of Education and Development Infancia*. – 2018.

15. Ferrández M., Blanco T., Casas R. *Fostering creativity as a problem-solving competence through design: Think-Create-Learn, a tool for teachers* // *Thinking Skills and Creativity*. – 2020. – Vol. 39. – Article 100761. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2020.100761>

16. Bereczki E.O., Kárpáti A. *Technology-enhanced creativity: A multiple case study of digital technology-integration expert teachers' beliefs and practices* // *Thinking Skills and Creativity*. – 2021. – Vol. 39. – Article 100791. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2021.100791>

17. Stavridi S. *The Role of Interactive Visual Art Learning in Development of Young Children's Creativity* // *Creative Education*. – 2015. – Vol. 6, №21. – P. 274. – DOI: <https://doi.org/10.4236/ce.2015.621235>